

Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждalған арнайы жабдығы бар механизмдерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдердің, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналардың кепілін тіркеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 14 қазандағы N 597 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 10 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3928. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту: Атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.11.27 N 732 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 308 бабына сәйкес және " Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждalған арнайы жабдығы бар механизмдерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдердің, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналардың кепілін тіркеу ережесін бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.11.27 N 732 бұйрығымен.

2. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және техникалық саясат департаменті (Доскенов М.Ж.) заңнамаларда белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Вице-министр А. Евниевке жүктелсін.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап 10 күн өткен соң күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 4 қ а з а н д а ғ ы
N 597 бұйрығымен бекітілген

Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждалған арнайы жабдығы бар механизмдерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдердің , сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналардың кепілін тіркеу ережесі

Ескерту: Атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.11.27 N 732 бұйрығымен.

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 308-бабына сәйкес және "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, оларға тіркеме құралдарды, монтаждалған арнайы жабдығы бар механизмдерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналардың (бұдан әрі - машиналар) кепілін тіркеудің тәртібі мен рәсімін белгілейді және Қазақстан Республикасының барлық аумағында заңнамаға сәйкес машиналарды тіркеу жүктелген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің тіркеу органдарында қолданысқа жатады.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.11.27 N 732 бұйрығымен.

2. Осы Ереженің күші міндетті мемлекеттік тіркеуге жататын өзге де мүліктің кепілін тіркеуге, сондай-ақ заңнамаларға сәйкес өзге органдар орындайтын

немесе өзге тәртіпте орындалатын жылжымалы мүліктің кейбір түрлерінің кепілін тіркеуге қолданылмайды.

2. Тіркелген машиналар кепілінің тізілімі

3. Тіркелген машиналар кепілінің тізіліміне 1998 жылғы 30 маусымдағы " Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 9, 12, 13-баптары айқындаған машиналар кепілі және кепіл туралы шарттың тараптары туралы деректер кіреді.

3. Тіркеу объектілері мен орны

4. Осы Ережеде белгіленген тәртіппен Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркеу органдарының тіркеу объектілері ретінде көрсетілген машиналардың кепілі болып табылады.

5. Машиналардың кепілін тіркеу, осы Ережеде белгіленген тәртіппен тіркелетін машиналардың заңнамаларда белгіленген тәртіпте тіркеуден өткен ж е р і н д е і с к е а с ы р ы л а д ы .

Осы Ережеге сәйкес белгіленген заңнамалық тәртіпте тіркеуден өтпеген машиналар кепілге тіркеуге жіберілмейді.

4. Тіркеудің әдісі мен негізі

6. Машиналардың кепілін тіркеу тіркелген машиналар кепілінің тізіліміне кепіл бойынша келісімнің деректерін (соның ішінде компьютерлік база деректерін) ендіру жолымен жүзеге асырылады.

7. Машинаның кепілін тіркеуге Заңда көрсетілген құжаттарды қоса берген жазбаша өтініші негіз болып табылады.

5. Машиналардың кепілін тіркеу туралы өтініштің үлгісі мен мәтіні

8. Машинаның кепілін тіркеу туралы өтініштің үлгісін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі осы Ережеге сәйкес белгілейді (1-қосымша).

9. Өтінішті өтініш берушінің өзі немесе сенімхат негізінде іс-әрекет ететін уәкілетті өкіл арқылы береді.

10. Өтініште: тіркеуші органның атауы; кепіл берушінің және кепіл ұстаушының атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты тұрғылықты жері (жеке тұлға үшін); кепіл туралы шарттың немесе түзілген жер кепіл талаптары бар өзге де шарттың жасалған күні мен орны; кепіл

нысаны болып табылатын машинаның тізбесі және сипаттамасы (кепіл мәні туралы мәліметтер); кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің ақшалай баламасы; кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің қолдану мерзімі; өтініш берушінің немесе оның өкілінің қойған қолы және заңды тұлға үшін мөрі; кепілге салынған машина қай тараптың қолында екені туралы нұсқау, оны пайдалануға болатын және қайталама кепіл туралы мәліметтер болуға тиіс.

6. Тіркеуге ұсынылатын құжаттар тізбесі, олардың мәтіні және оларға қойылатын талаптар

11. Машинаның кепілін тіркеу үшін өтініш беруші мыналарды: машинаның кепілін тіркеу туралы өтінішті, оның өзін куәландыратын құжатты ал тұлғаның өкілі - оның өкілеттігін растайтын құжатты, сондай-ақ өзін куәландыратын құжатты; банктің төлем белгісі қойылған тіркеу алымын төлегендігі жөніндегі құжаттын тіркеуші органдарға ұсынады.

Өтінішпен бірге кепілдік туралы келісім немесе кепілдіктің шарттары бар келісім ұсынылады, содан кейін тіркелген белгісі бар өтініште берілген мәліметтерді тіркеуші орган тексергеннен кейін өтініш берушінің өзіне қайтарлады.

Машина келесі кепілге салынған жағдайда (қайтарма кепілге салу) - өткен кепіл ұстаушылардан кепілге қайта салу жөнінде хабарландырылғандығы және қайта кепілге салуға қарсы еместігі жөнінде хат алынады.

12. Машинаның кепілін тіркеуге ұсынылған құжаттар жақсы ресімделген түрде қабылданады. Өшіріліп қайта жазылған, қосып жазылған, сызылған сөздері бар құжаттар қабылданбайды.

13. Тіркеуші органдар осы Ереженің 10 және 11-тармақтарында қарастырылған құжаттардан өзге құжаттарды сұрауға құқылы емес.

7. Тіркеудің тәртібі мен мерзімі

14. Қажетті құжаттарды алған күннен бастап тіркеуші органдар:

1) өтініш берушіге ұсынылған құжаттарды алғандығын куәландыратын күнін, уақытын (сағаты, минуты) көрсетіп қолхат беруге (2-қосымша);

2) тіркелген машиналар кепілінің тізіліміне кепілге тіркеу туралы өтініштен алынған деректерді (соның ішінде компьютерлік база деректерін) ендіруге (3-қосымша);

3) өтініш ұсынған тұлғаға, машинаның кепілін тіркеу туралы куәлік беруге.

15. Машинаның кепілін тіркеу екі жұмыс күн ішінде орындалуы тиіс. Белгіленген мерзім бұзылған жағдайда өтініш беруші жоғарғы органға (лауазымды тұлғаға) және/немесе сотқа жүгінуі мүмкін.

16. Тіркеу органы ұсынылған машинаның кепілін тіркеу туралы шартты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 307-бабына сәйкес тексереді (Жалпы бөлім).

17. Тіркеу пункттеріне кепілде тұрған машиналарға қатысты кепіл ұстаушыдан тіркеу әрекеттерін жүргізуге жазбаша рұқсат алмай машинаға тіркеу әрекеттерін (есептен шығаруға) жасауға болмайды.

8. Машинаның кепілін тіркеу туралы куәлік

18. Машинаның кепілін тіркеу оны тіркеу жөніндегі куәлікпен куәландырылады (4-қосымша).

19. Машинаның кепілін тіркеу туралы куәлікте мыналар болады:

- 1) тіркеуші органының атауы;
- 2) кепіл беруші мен кепіл ұстаушының атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері (жеке тұлға үшін);
- 3) кепіл туралы шартты немесе кепіл талаптары бар өзге де шарттың жасалған күні мен орны және оның нөмірі;
- 4) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің ақшалай баламасы;
- 5) кепіл мәні туралы мәліметтер;
- 6) тіркеуші орган берген машина кепілінің тіркелген нөмірі;
- 7) машинаның кепілін тіркеген күні.

Кепіл берушінің және кепіл ұстаушының өтініші бойынша тіркеуші орган 7 күннің ішінде машинаның кепілін тіркеу туралы жарамсыз болған куәліктің орнына оның телқұжатын береді.

9. Машинаның кепілін тіркеуден бас тарту

20. Машинаның кепілін тіркеуден бас тартуға: кепіл туралы шарт немесе кепіл талаптары бар өзге шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 307-бабына (Жалпы бөлім) сәйкес келмесе;

кепілге тіркеу туралы өтініш пен ұсынылған құжаттардың осы Ереженің 10, 11, 12-тармақтарының талаптарына сәйкес келмесе; өтінішті тиісті тұлға жасамаса; тіркеу үшін алым төленгендігі туралы құжат болмаса негіз болып табылады.

21. Машинаның кепілін тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеуден жалтарған жағдайда мүдделі тұлға сот тәртібімен шағым жасай алады.

22. Кепілге тіркеуден бас тартқан жағдайда тіркеуші орган құжаттардың қабылдаған сәтінен бастап бес жұмыс күні ішінде заң талаптарының

бұзылғандығына сілтеме жасай отырып өтініш жасаушыға жазбаша дәлелді бас тартуды жолдайды.

10. Тіркеу кезінде жіберілген қателерді түзеу

23. Машинаның кепілін тіркеу кезінде жіберілген техникалық қателерді түзету тіркелген машиналар кепілі тізілімінің "айрықша белгілер" бағанына, сондай-ақ кепілді тіркеу туралы куәлікке қосымша жазба енгізу арқылы мүдделі тараптың өтініші бойынша жасалады.

11. Өзгерістерді, толықтыруларды және тіркелген кепілдің күшін тоқтатуды тіркеу тәртібі

24. Өтініш беруші өзгерісті, толықтыруды (оның ішінде меншік құқығының өзге тұлғаға өтуі, талап ету құқығын беру) және тіркелген кепілдің күшін тоқтатуды тіркеу органына өтініш беру жолымен тіркейді. Өтініште алғашқы тіркелген кепілдің сілтемесі, кепіл туралы шартқа өзгеріс, толықтыру (оның ішінде меншік құқығының өзге тұлғаға өтуі, талап ету құқығын беру), тіркелген кепілдің күшінің тоқтатылуының негізі көрсетілуі тиіс. Сондай-ақ өтінішпен бірге өзгеріс және толықтыру енгізу туралы шарт (оның ішінде меншік құқығының өзге тұлғаға өтуі, талап ету құқығын беру) ұсынылуы тиіс, бұл құжаттарды тіркеуші орган өтініш мәтініндегі мәліметтерді тексерген соң тіркеу туралы белгі соғып өтініш берушіге қайтарады.

25. Кепіл жөніндегі шарттың әрекетінің аяқталуын тіркеу кепіл ұстаушының ұсынған жазба өтініші және негізгі міндеттемені орындалғанын растайтын құжаттар бойынша тіркелген машиналар кепілінің тізіліміндегі және тіркеу кітабындағы кепіл туралы жазбаны жою жолымен жасалады. Машинаны өзге де кепілге ұстаушылар болған жағдайда олардың оларды хабардар етілгендігі жөніндегі ұсынылған құжаттар бойынша жазбаны жою арқылы жүргізіледі.

Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждalған арнайы жабдығы бар механизмдерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдердің кепілін тіркеу

ережелеріне 1-қосымша

тіркеуші органның атауы

N ____ Өтініш

Кепілге беруші

Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні, әкесінің аты, тұрғылықты жері, туған жылы мен күні; заңды тұлғаның атауы, мекен жайы, тіркеу нөмірі:

Тұлғаны растайтын құжат: түрі _____ сериясы _____ N _____ берілді _____ берілген күні

(құжат берген органның атауы)

М е к е н - ж а й ы , т е л е ф о н ы

атынан әрекет ететін _____
(уәкілетті өкілдің деректемелері)

Қандай негізде _____

(уәкілеттілікті растайтын құжат деректемелері)

Кепіл ұстаушы

Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні, әкесінің аты, тұрғылықты жері, туған жылы мен күні; заңды тұлғаның атауы, тіркеу нөмірі N:

Тұлғаны растайтын құжат: түрі _____ сериясы _____ N _____ берілді _____ берілген күні

(құжат берген органның атауы)

Мекен-жайы, телефоны _____

атынан әрекет ететін _____
(уәкілетті өкілдің деректемелері)

_____ негізде
(уәкілеттілікті растайтын құжат деректемелері)

Жылжымалы мүлікті кепілге қою келісім-шартын тіркеуіңізді сұраймын:

Шартқа тұру күні _____

Шарт жасау орны _____

Кепілге қойылатын зат жөніндегі мәліметтер
(жылжымалы мүліктің сипаттамасы)

Кепілмен қамтамасыз етілетін міндеттің ақшалай баламасы _____

Шарт мерзімі _____

Кепілге қойылған мүлік кімнің пайдалануында қалады:
Кепіл беруші _____ кепіл ұстаушы _____

Қолдану мүмкіндігі: Иә Жоқ
Одан әрі кепілдікке беру жөніндегі мәліметтер: Иә Жоқ
(керек емесін сызып тастау қажет)

Осы өтінішке тіркелетін құжаттың атауы, сериясы, нөмірі, қашан және
к і м б е р д і :

1. Төлем туралы құжат: түрі _____ N _____
_____ сомасы

2. _____

Мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәлік қажет пе:
Иә Жоқ (керек емесін сызып тастау керек)

Өтініш берілген күн: _____ 200 ___ жыл.

Өтінішті қабылдаған күн: _____ 200 ___ жыл.

Өтініш берушінің қолы: _____
Уақыты: _____ сағаты _____ минуты.
Тіркеушінің тегі, аты-жөні, әкесінің аты, қолы

Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждalған арнайы жабдығы бар механизмдерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдердің кепілін тіркеу ережелеріне 2-қосымша

тіркеуші органның атауы
200__ жылғы " __ " _____ N _____ өтініш бойынша құжат алу туралы

Қолхат

Уақыты _____ сағат _____ минут.

Қабылданған құжаттардың тізбесі:

(құжаттың атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берді)

1. Төлем туралы құжат: түрі _____ N _____
_____ сомасына

2. _____

Мөр орны _____

Қабылдаған: _____

Өтінішті орындау күні _____

Өтініш қабылдаған қызметкердің тегі, аты-жөні, әкесінің аты, қолы
_____ 200__ жыл

Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждalған арнайы жабдығы бар механизмдерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік

және жол-құрылыс машиналары мен
механизмдердің кепілін тіркеу
ережелеріне 3-қосымша

N _____

б е т

N _____ тіркеу ісі

Тіркелген машиналардың кепілінің тізілімі

Жаз- ба- ның нө- мірі	Ре- естр нө- мірі	Кепілге қойы- латын зат	Кепіл ұстаушының тегі, аты-жөні, әкесінің аты, тұрғылықты жері, жеке тұлғаның туған жылы мен күні, заңды тұлғаның атауы, тіркелген нөмірі, мекен-жайы	Кепіл берушінің тегі, аты-жөні, әкесінің аты, тұрғылықты жері, жеке тұлғаның туған жылы мен күні, заңды тұлғаның атауы, тіркелген нөмірі, мекен-жайы	Ке- піл- дік со- масы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы: _____

Келі- сім шарт- тың жү- зеге асы- рылуы	Ауыртпалықтың пайда болуы		Ауыртпалықтың тоқталуы		Тір- кеу- шінің қойған ерекше бел- гісі
	Құжаттың нөмірі мен атауы, тіркеу нөмірі, тіркеушінің тегі, аты-жөні, әкесінің аты, қолы	Күні, уақыты (сағаты мен минуты)	Құжаттың нөмірі мен атауы, тіркеу нөмірі, тіркеушінің тегі, аты-жөні, әкесінің аты, қолы	Күні, уақыты (сағаты мен минуты)	
7	8	9	10	11	12

Тіркеу бетінің жалғастырылуы/жабылуы жөніндегі жазба

Жазбаларды жалғастыруды тоқтатудың негізі (жалғастыру кезінде)	Көшірілген жазбалардың (жабу кезінде) немесе соңғы жазбалардың тізбесі (жалғастыру кезінде)	Бет нөмірі	Күні, уақыты (сағаты мен минуты)	Тіркеушінің тегі, аты-жөні, әкесінің аты , қолы

Тракторлардың және олардың
базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен механизмдердің,
монтажалған арнайы жабдығы бар
механизмдерді қоса алғанда, олардың
тіркемелерінің, өздігінен жүретін
ауыл шаруашылығы, мелиоративтік
және жол-құрылыс машиналары мен
механизмдердің кепілін тіркеу

ережелеріне 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

тіркеуші органның атауы

Машинаның кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

200__ жылдың " __ " _____ N _____

_____ берілді

Кепіл алушының немесе оның уәкілетті өкілінің деректемелері

Жылжымалы мүлікке қатысты растау:

Мүлік түрі	Тізілімдік нөмірі	Кепілге қойылған заттың сипаттамасы	Саны	Құны	Ескертулер
1	2	3	4	5	6

кепілге тіркелген

Кепіл

ұстаушының

құқығы

Жеке тұлғаның _____

тегі, аты-жөні, әкесінің аты, тұрғылықты жері,

_____ туған жылы мен күні

Заңды тұлғаның _____

атауы, мекен жайы, тіркеу нөмірі N _____

кепілге қойылатын затқа _____

кепілге қойылатын заттың сипаттамасы

кепіл жөніндегі шарт негізінде туындаған _____

_____ келісім-шарт жасалған күн

тіркелген _____ және келесі негізгі шарттарды

тіркелген күні мен нөмірі _____

кепілдің мөлшері, негізгі міндеттерді атқару мерзімі,

_____ және өзге де шарттары

Кепіл

берушінің

_____ **құқығы**

құқық түрі

Жеке тұлғаның _____
тегі, аты-жөні, әкесінің аты, тұрғылықты жері, туған жылы мен күні

заңды тұлғаның _____
атауы, мекен жайы, тіркеу нөмірі N
расталды _____
кепілге қойылған заттың құқықтық құжаттарының

атауы, қабылданған күні, тіркелген күні мен нөмірі
Тіркеуші _____

Тегі, аты-жөні, әкесінің аты қолы
Басқарушы _____
М ө р о р н ы

Тегі, аты-жөні, әкесінің аты қолы

Е с к е р т п е :

1. Жалғандықтан сақтандыру үшін көлікті кепілге қоюдың мемлекеттік тіркеу куәлік қағаздарында тәртіптік нөмір болуы қажет, сонымен қатар сәуле белгісі бар тангирлі торлы қағаздан жасалуы қ а ж е т .

2. Осы куәлік кепілді жойғаннан кейін кері қайтарылып б е р і л е д і .

3. Куәлікті жоғалтып алған жағдайда, міндетті түрде тіркеу органына жоғалту себептерін көрсетіп өтініш жазуы керек.